

Шет ауданы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 9/114 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңына сәйкес, Шет аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Шет ауданы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудандық мәслихаттың құрылышы, автокөлік, коммуналдық шаруашылық, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ғ. Мукушев) және аудан әкімінің орынбасары М. Жумкинге жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Б. Төлеуқұлов

Шет аудандық мәслихатының
2021 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 9/114 шешіміне қосымша

Шет ауданы бойынша 2022 - 2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары

1 тaraу. Кіріспе

1. Осы Шет ауданы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандығы "Жайылымдар туралы" Заңына сәйкес жайылымдарды ұтымды пайдалану, жем-шөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында қабылданды.

2. Жоспарды әзірлеу үшін келесі ақпарат пайдаланылды:

"Азаматтарға арналған Үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қарағанды облысы бойынша филиалы - жер кадастры және жылжымайтын мұлікті техникалық тексеру департаменті 2021 жылы әзірлеген Шет ауданының жерлерін геоботаникалық зерттеп-қарастыру жөніндегі есеп;

"Шет ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен берілген, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер;

"Шет ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен берілген, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер;

"Шет ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен берілген, үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер;

мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректер.

3. Шет ауданының ауыл шаруашылығы бағытын ескере отырып, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының өнім негізінен шаруа қожалықтарында және жеке қосалқы шаруашылықтарда шығарылады.

4. Әкімшілік аумақта ауыл шаруашылығы алқаптары ретінде пайдалану үшін жарамды жерді көлемі жеткілікті, сонымен қатар, өнеркәсіптің қарқынды дамуы халықты жұмыспен қамтамасыз ете отырып еңбек ресурстары алаңдатады.

5. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығын дамыту, неғұрлым өзектіленіп келеді. Соңғы жылдары ауданының аграрлық секторында өнімдердің жалпы көлемінің тұрақты өсуі және агроөнеркәсіп кешені қарқынды дамуы байқалуда. Мал басы және мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімінің негізгі түрлерін өндіру артты.

6. Аудан аумағы 6569405 гектарды құрайды, 9,4% астамы - елді мекендердің жерлері, 35,1% ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлер, орман және су қорының жерлері құрайды. Әкімшілік аумақта мал шаруашылығын және өсімдік шаруашылығын әрі қарай дамыту мүмкін болады.

7. Саланы тұрақты дамытудың құрамдасы ауыл шаруашылығы маңызы бар жерлерді ұтымды пайдалану болып табылады.

8. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану - жер участкерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың ауыл шаруашылығы өнімін өндіру процесінде жер пайдалану мақсаттарын жүзеге асыруды жерді қорғауды және табиғи факторлармен өзара оңтайлы әрекеттесуді есепке ала отырып, топырақтың құнарлылығы мен жердің мелиоративтік жай-күйінің айтарлықтай нашарлауына әкеліп соқтырмайтын тәсілдерімен жоғары дәрежеге жетуді қамтамасыз ету.

9. Жайылым пайдаланушылар үшін жайылымдарды оларды тоздырмай тиімді пайдалану басты міндеті болып табылады.

10. Осыған байланысты, 2022-2023 жылдарға жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша жоспары, азықтық қажеттілігін және жайылымдардың тозу процесін алдын алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ауыл шаруашылығы құрылымдары мен тұрғындар үшін жайылым айналымдарның схемалары дайындалды.

2 тарау. Жалпы мәліметтер

11. Шет ауданы Қарағанды қаласынан оңтүстікке қарай 127 шақырым және республика астанасы – Астана қаласынан 313 шақырымда орналасқан. Әкімшілік жағынан 7 кентік және 18 ауылдық округтерге бөлінген.

12. Аудан аумағы Ақтогай, Қарқаралы, Бұқар - Жырау, Абай, Жаңаарқа, аудандары және Жамбыл облысы әкімшілік аумақтарымен шектеседі.

13. 2022 жылғы 1 қаңтардағы ахуалы бойынша Шет ауданының жер қоры 4704431 гектарды құрайды; ауыл шаруашылығы алқаптары жерлері – 2301157 гектар, оның ішінде ауданының жайылымы – 1420568 гектарды құрайды.

14. 2021 жылғы ауыл шаруашылығы санағының нәтижелері бойынша аудан аумағында 10206 үй шаруашылығы есептеледі, олардың 5214 үй шаруашылығында мал мен құс ұстайды. Занды тұлға құрмастан қызметін жүзеге асыратын 1197 шаруа қожалығы тіркелген.

15. Малды жартылай қорада ұстайды. Жайылым кезеңі сәуір айының соны - мамыр айының басында басталып, қазан айының соны қараша айының басында аяқталады. Қыста малды қорада ұстайды. Қорада ұстau кезеңіне түбекейлі жақсартылған жерлерде табиғи шабындық жем шөптері біртіндеп дайындалады.

3 тарау. Климат

16. Климаттық жағдайлар Орталық Қазақстанның табиғи ландшафттарын қалыптастыру және дамытудың, оның ішінде топырақ жамылғысын құру және дамытуда маңызды фактор болып табылады.

17. Шет ауданының аумағы оған жыл мезгілдерінде де және тәулік бойы да температура үлкен амплитудасының ауытқуы тән, қатал, ұзаққа созылатын қыс (ең суық ақпан айының ең төменгі температурасы $-8,7^{\circ}\text{C}$ бастап $-18,3^{\circ}\text{C}$ дейін), құргак, ыстық жазымен (маусым айының максималды температурасы $+19,5^{\circ}\text{C}$ бастап $+23,8^{\circ}\text{C}$ дейін), температуралың жылдық амплитудасы $27,5^{\circ}\text{C}$ бастап $-42,1^{\circ}\text{C}$ дейін құрайтын, күрт айқын континентті климатпен құрғақ дала аймағында орналасқан.

18. Климатты сипаттайтын аса маңызды көрсеткіштер: ауаның орташа айлық температурасы, ауаның орташа жылдық температурасы болып табылады. Климаттың кенет континенттілігі оның маусымда ең жоғары мәні мен ақпан айында шамамен 80°C құрайтын ең төменгі мәнінің арасындағы ауа температуралың үлкен амплитудасын негіздейді. Сондай-ақ бір тәулік ішінде ауа температурасы амплитудасының ауытқуы өте маңызды. Ауаның көп жылдық орташа температурасы $+2,8^{\circ}\text{C}$. Аумақтың жылумен қамтамасыз етілуі жеткілікті. Вегетациялық кезеңің ұзақтығы көпжылдық бақылаулар бойынша 165 күнді құрайды.

19. Көпжылдық мәлімет бойынша орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 295-315 миллиметрді құрайды, оны климаттың қуаңшылықты айфақтайды.

20. Негұрлым ылғал жылдары жауын-шашын 400 миллиметрге дейін, неғұрлым қуаңшылық жылдары жауын-шашын мөлшері – 100-200 миллиметрді құрайды.

21. Жауын-шашынның түсүі маусымдық сипат алады. Ең көп жауын-шашын маусым – тамыз айларында түседі. Жазғы жауын-шашын көбінесе нөсерлік сипатқа ие, ақ жауын сирек болады. Жазғы жауын-шашынның нөсерлік сипаты су эрозиясының пайда болуы мен дамуына ықпал етеді.

22. Қысқы жауын-шашын орташа жылдық жауын-шашынның шамамен 20% құрайды. Қысқы айларда желдің орташа жылдамдығы секундына 4-6 метр. Тұрақты соғатын жел қолайсыз климаттық фактор болып табылады.

23. Климаттық жағдайлардың деректері: маусымдық және тәуліктік температуралардың кенет ауытқуы, атмосфералық жауын-шашынның аз мөлшері және ауаның едәүір құрғақ болуы жылусүйгіш және ылғалсүйгіш ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін қолайсыз болып табылады және плакор участеклерде ерекше құрғақ далалық өсімдік жамылғысының дамуына негіздейді.

4 тарау. Жер бедері

24. Шет ауданының аумағы Орталық Қазақ ұсақ шоқыларының аймағында орналасқан. Орталық Қазақ ұсақ шоқыларының осы участекінде ұсті ұзақ уақыт қуаңшылықта және мезгіл-мезгіл шайылу жағдайында болу нәтижесінде қалыптасқан барлық елдің пайда болу ерекшеліктерін көрсетеді.

Жалаңаштану процестері тау жыныстарының сынықтарын шоғырландыру процестерімен үзілген. Сондықтан жер бедерінің оң элементтері құрылымдық-денудациялық бөктер нысандарын ұсынады, теріс элементтер жер бедері – жазықтар мен шоқыаралық алаптар – эрозиялық-аккумуляциялық нысандарды білдіреді. Жер бедерінің төмендетілген элементтері алқаптарда қатты тау жыныстары басқан, үштік және төрттік шөгінді жыныстарының түзілудерімен толған.

25. Аудан аумағын жер бедерінің келесі түрлеріне бөлуге болады:

- 1) ұсақ шоқылар және аласа таулар;
- 2) белесті-жонды және шамалы белесті жазықтар;
- 3) өзендер мен бұлақтар алқаптары.

26. Кең шоқы аралық кеңістікті уақытша ағын сулар арналарымен тілімделген шамалы белесті жазықтар алады. Жазықтардың участеклері көптеген қойнаулармен және жер бедерінің белестігін күшеттеп тереңдігі 2-4 метр жылғалармен тілімделген.

27. Белесті-жонды жазықтар өте жиі кездеседі, онда ешбір занылдық пен тәртіпсіз биіктейді, кейде осы алқаптарды айдауды айтарлықтай қынданатады.

5 тарау. Өсімдік

28. Әкімшілік аумақтың табиғи өсімдіктері біршама біркелкі және негізінен даланың дәнді шөптерімен, аласа таулы аймақтар мен жазықтықтың кей жерлерінде түрлі шөптермен ұсынылған. Құлғын-қызығылт топырақ аумақтарында бетегелі-селеулі және селеулі-бетегелі өсімдіктерінің түрлі даму дәрежесі және даланың түрлі шөптерінің проекциялық жамылғысы дамыған.

29. Шабындықтарда келесі түрлер басым болып келеді: сұлыбас, қылтан селеу, Лессинг селеуі, қалқан селеу, қызыл селеу, бетеге, қоңырбас, жусанның әр түрі:

австриялық жусан, сүйк жусан, Маршалл жусаны, даланың түрлі шөбінен – түйнекті фломис, сасыр, қымбат мыңжапырақ, нағыз қызылбояу және басқа түрлері.

30. Қосымша жер үсті ылғалдандырумен топыракта жазық баурайлардың төменгі үштен бір бөлігінде, шоқыаралық аңғарларының түбі бойынша осындай өсімдік өсіп-өнеді, бірақ аса дамыған, жоғары жобалық жабынмен және алуан түрлі шөптің көп қатысуымен келеді.

31. Шөптесін өсімдіктерден басқа шоқылар баурайы мен шоқыаралық аңғарларда шанқұрай тобылғысы, қараған сияқты бұталар өседі. Аймақтық топыракта мынадай өсімдік қауымдастыры басым: бетегелі-селеулі, бетегелі-қалқан селеулі, бетегелі-сүйк жусанды, бетегелі-бозды-бетегелі және басқалары.

32. Өсімдіктің негізгі түрі – бетегелі-бозды-жусанды, қараған мен тобылғы жиі кездеседі. Проекциялық жамылғы 40-50% құрайды. Шоқыаралық төмен жерлерде, жоғары ылғалдандыру жағдайында түрган өзендер мен бұлақтардың жайылмаларында шалғынды өсімдік: жатаған бидайық, тимофеев, жалаң мия, ақ суоты, қылтанақсыз арпабас, дәрілік қандышөп, шалғындық бүршақ, бес жапырақты жоңышқа және басқа да өсімдіктер өсіп-жетіледі. Шабындық шөп өте тығыз, проекциялық жамылғы 90% жетуі мүмкін. Сортаңданған шабындықта және шалғындықтың қоңыр топырақтарда зор сабакты дақылдар: ши және жауқияқ басым келеді.

33. Сортаң және қатты сортаң топырақта өсімдіктер сирек. Мұнда қара жусан, марсель қараматауы, жаушалғын басым. Сортаң беті тұз сүйгіш өсімдіктер: ақмамық, сүйелденген алабота, түрлі аңышөп, ши өскен.

34. Аудан аумағында селеулі жайылым барлық жерде тараған, мынадай өсімдік қауымдастыры: бетегелі-селеулі, қылқан селеу-бетегелі, қылқан селеу-бозды-бетегелі және басқаларын құрайтын қылқан селеу және бетеге жиі кездеседі.

35. Жусанды және жусанды-астық тұқымдас топтар: бетегелі-сүйк жусанды, бетегелі-әртүрлі жусанды және басқалары да кенінен таралған.

36. Шалғындықтың қоңыр топырақта жауқияқты-бетегелі, жауқияқты астық тұқымдас өсімдіктер қауымдастыры тараған. Артық ылғалдану орындарында шалғындық және шалғындық-батпақты топырақтарда шалғынды астықтың қатысуымен қияқ тұқымдастар қауымдастыры кездеседі.

6 тарау. Гидрография, гидрология және сулану

37. Шығыста Нұра өзені ағып өтеді. Нұра өзенінің оң жағалаудағы ең ірі ағын - Ақши төбешіктерінен бастау алатын Шерубай-Нұра өзені, өзеннің ұзындығы 156 километр. Шерубай-Нұра өзенінің бірнеше салалары бар.

38. Ауданың жерасты сулары жергілікті жердің бәрінде бар да, жарылған болып келеді. Олардың нәр алатын көзі атмосфералық жауындар, сондай-ақ еріген мұздықтар және қар сулары.

39. Жерасты суларының химиялық құрамдары тұзсыз, жұмсақ және күрделі болып келеді. Ауданың барлық аумағына қатысты екі түрлі түрі сипатты: гидрогеологиялық – өзен алқаптарында және еңісі – басқа бөлігінде. Жерасты суларының бағыты биіктіктің еңстігіне байланысты байқалады. Тегіс жерлердегі жерасты сулары жылдамдығын азайтып және жер биіктігіне жақын келеді.

40. Негізгі ауыл шаруашылықты сумен жабдықтау жер беті суларымен жабдықтайды, ал елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау жерасты суларын пайдалану есебінен үйімдастырылған. Әкімшілік аумақтың бөлігі төмен кемерде орналасқандықтан, жерасты суларының белсенді түрде лайлану қаупі бар, одан басқа, кемердің жоғарғы жағы мал жайылымы ретінде кеңінен пайдаланылады, ал кемерде жерасты сулары жер биіктігіне жақын тұр.

41. Оң жақтағы гидрографиялық жүйе неғұрлым жақсы дамыған, мұнда өзен құймасы бар.

42. Бұл өзеннің ағысы қатты болып келеді. Оның құйылым үлесі барлық құйылымның 96% құрайды. Көктемгі су тасқыны кезінде олар 15-20 есеге ұлғаяды. Осы уақытта жылдық құйылымның 80% дейін құрайды. Тыныш күндері өзеннің лайлылығы он есеге дейін азаяды (литрге тұз 150-500 миллиграмм). Тасқын су кезінің соңына қарай минералдану 1,5-3 есеге дейін өседі.

43. Су режимі көктемгі жағасынан асып-тасып жататындығымен және көптеген жазғы және күзді су тасқындарымен сипатталады.

44. Су көздері санының жеткіліктілігіне байланысты жайылым жерлерді толық қамтамасыз етеді.

7 тарау. Геоботаника

45. 2021 жылы ауыл шаруашылығы жерлерін геоботаникалық тексеруге байланысты, аудан бойынша жайылым мынадай көрсеткіштермен сипатталады.

46. Шет ауданының аумағы құлғін-қызылт топырақ белдем тармағында құргақ дала аймағында орналасқан және Орталық Қазақстанның шет аймағына жатады.

47. Алуан түрлі жер бедері және осының салдарынан түсетін жауын-шашынның әркелкі бөлінуі, сондай-ақ топырақ құрайтын жыныстардың зор алуан түрлілігі топырақтың барынша әртүрлі болуын негіздейді.

48. Шет ауданының аумағында кездесетін топырақтың жүйелі тізімі 1 қосымшаға сәйкес көрсетіледі.

8 тарау. Топырақ

49. Егін еgetін жерлердегі топырақтардың ең көп тараған түрі күнгірт – күрең топырақтар, олардың түрлері гумус қабатының қаттылығына қарай, гумустың құрамына қарай, қоректік элементтерінің құрамына қарай (азот, фосфор, калий),

сортандық процестерінің даму деңгейіне қарай, химизм бойынша әртүрлі тұздардың жату тереңдігіне қарай, карбонаттар мен гипстердің саны мен жату тереңдігіне қарай, механикалық құрамына қарай, қаңқалық және тастылық дәрежесіне қарай ажыратылады.

50. Маңайдағы ылди жерлерден су ағуға немесе топырақ суларының жақын жерлерде жатуына себеп болатындағы жоғары ылғалдылық жағдайларында терең емес депрессиялар мен өзендердің маңындағы ояндарда астарында әртүрлі сортанды және тұзды деңгейдегі гидроморфты немесе жартылай гидроморфты топырақтар қалыптасатын шалғынды дәнді бозды-бедегелі өсімдіктер өседі. Бұлар шалғынды қара-қоңыр, шалғынды және шалғынды-сазды топырақтар. Аталмыш топырақтардың ашық - қара түсті гумус қабаттары болады. Гумустың құрамы автоморфты күнгірт – күрең топырақтарда басымдырақ болады. Бұл топырақтар шалғынды немесе шалғынды күнгірт – күрең сортаң жерлерде, ал кейде шалғынды сораң немесе сораң жерлерде кездеседі.

9 тарау. Жер қорының жағдайы және пайдалану

1 параграф. Жерқорын жер санаттары бойынша бөлу

51. 2022 жылғы 1 қантардағы жерді есепке алу мәліметтері бойынша ауданға бекітілген алаңы 6569405 гектарды құрайды. Нысаналы мақсатына қарай бүкіл жер қоры 2 қосымшаға сәйкес санаттар бойынша бөлінеді.

52. Кестеге қарағанда ауданның басым бөлігі 49,1% ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құрайды, ал елді мекен жерлері аудан аумағының 13,2% алып жатыр, орман қоры жерлерінің үлесіне 12% келеді, аудан аумағының су қоры жерлері 8%.

53. Ауыл шаруашылығында пайдалану жерлері 2301157 гектарды құрайды. Барлық ауыл шаруашылығында пайдалану жерлері дерлік жеке тұлғалардың тұрақты, уақытша өтеулі ұзақ мерзімдік жер пайдалануда тұр.

54. Ауыл шаруашылығында пайдалану жерлерінен шаруа қожалығын жүргізу үшін – 32,3 % (2122801 гектар) және бақ шаруашылығын жүргізу үшін және саяжай құрылышының жерлері 0,00045 % (30 гектар) құрайды.

55. Елді мекендердің жерлері 619870 гектарды құрайды, Шет ауданының барлық аумағының 9,4% құрайды.

56. Елді мекендер жерлерінің құрамына тұрғын үй құрылышы – 22 гектар, қоғамдық-іскерлік құрылыш – 16 гектар, өндірістік құрылыш – 23070 гектар, автомобиль-көліктік порт – 3744 гектар жерлері, темір жол көлігі – 4654 гектар жері, байланыс – 78 гектар жері, бұл тіректер, әуе желілер, жер асты байланыс желілерімен,

қосалқы және олардың жұмыс істеуі үшін қажетті басқа да құрылыстар үшін жерлер, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы – 1864974 гектар жерлер кіреді.

57. Елді мекендердің жерлері құрамына ауыл шаруашылығы жерлері, құрылыс салынған жерлер, көшелер, аландар, адамдардың өмір сүру сапасына маңызды сұы бар және басқа жерлер кіреді.

58. Орман қорының жерлері 7832 гектар жерді алғып жатыр, бұл ауданың барлық аумағының 12% құрайды.

59. Су қорының жерлері 568 гектар ауданды құрайды, аудан жерінің аумағының 8% құрайды. Су қорын су қоймалары, бұлақтар құрайды. Ауданың су қорлары техникалық қажеттіліктер, жерлерді суару және малды суару үшін пайдаланылады.

60. Ауыл шаруашылығына жарамды дерлік барлық жерлер жер пайдаланушыларға бекітілген. Елді мекендердің жерлері, әсіресе жайылымдық алқаптар өте қарқынды пайдаланылады.

2 параграф. Жер қорын алқаптар бойынша бөлу

61. Аудан бойынша ауыл шаруашылығы жерлері 2301157 гектарды құрайды. Ауыл шаруашылығы жерлерінің негізгі бөлігін 1420568 гектар жайылым алғып жатыр және ауыл шаруашылығы алқаптарынан 21.6% құрайды. Сонымен қатар, егістіктер – 66022 гектар, көпжылдық өсінділер – 350 гектар, бақшалар үшін – 7 гектар.

3 параграф. Елді мекендердің аумақтарын пайдалану

62. Елді мекендер жерлерінің жалпы ауданы 619870 гектарды құрайды, олардың ішінде ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлері 100245 гектарды құрайды, құрылыстар 22 гектарды, су - 568 гектарды, бұталар және басқа да жерлер 7832 гектарды құрайды.

63. Аудан бойынша жайылымдар қажеттілігінің есебі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылым аумағының жалпы ауданына көтерме түсіру нормаларының шегін бекіту туралы" бүйрек (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 11064 тіркеді), геоботаникалық тексеру материалдарының негізінде жасалған.

64. Жайылымның үлкен аумақтары елді мекендерге жақын орналасқан, жер пайдалануши субъектілеріне жар пайдалануға берілген, осыған байланысты, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участкеріне тексеру жүргізу аясында 2018 жылы пайдаланбайтын жайылымдарды анықтап және оны жер пайдаланушылардан түрғындардың қажеттіліктері үшін әрі қарай алғып алу үшін анықтау қажет.

65. Елді мекендерде ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануда жайылым айналымын сақтау қажет, ол азық түлік базасын жақсартуға жағдай жасайды.

Жазғы кезде малды жайылым азығымен қамтамасыз ету үшін сиыр басын және 6 айға дейінгі жас бұзауларды елді мекендерге жақын орналасқан жайылымдарда қалдыру ұсынылады. Алты жастан жоғары және жылқыларды алыс жайылымдарда жазғы лагерь үйымдастыру ұсынылады.

10 тарау. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

66. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға:

- 1) Шет ауданының аумағында кездесетін топырақтың жүйелі тізімі 1 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 2) жер қорының жер санаттары кестесі 2 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 3) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы 3 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 4) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы 4 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 5) жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы 5 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 6) жайылымы жок жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы 6 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі 7 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 8) ветеринариялық-санитарлық объектілер туралы ақпарат 8 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 9) ауыл шаруашылығы мал басының саны туралы ақпарат 9 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 10) ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер 10 қосымшаға сәйкес ұсынылды;
- 11) Шет ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасы 11 қосымшаға сәйкес ұсынылды.

Шет ауданы бойынша 2022-2023

жылдарға
арналған жайылымдарды басқару және
оларды
пайдалану жөніндегі жоспарына 1
қосымша

Респубикалық жүйелі тізім бойынша шифр	Топырақтың атауы
--	------------------

237	Күлгін-қызғылт орташа құнарлы топырақ
238	Күлгін-қызғылт аз құнарлы топырақ
300	Күлгін-қызғылт толыктай дамымаған топырақ
301	Күлгін-қызғылт аз дамыған топырақ
448	Шалғын-қызғылт орташа құнарлы топырақ
563	Күлгін қызғылт топырақ
671	Сортан қызғылт ұсақ
672	Сортан қызғылт орташа
687	Сортан шалғын-қызғылт ұсақ
688	Сортан шалғын-қызғылт орташа
702	Сортан шалғын қызғылт қабыршак
703	Сортан шалғын қызғылт ұсақ
704	Сортан шалғын қызғылт орташа
705	Сортан шалғын қызғылт терең
723	Типтік сортан
724	Шалғынды сортан

Жайылымның басым түрлері:

селеулі - бетегелі бұталармен;

бетегелі-селеулі бұталармен;

бетегелі-селеулі-сүйк жусанды бұталармен;

бетегелі сүйк жусанды;

дәнді-аралас шөпті бұталармен;

чиево-жаушалғын;

жаушалғын қараганмен;

қараган-бетегелі.

Шет ауданы бойынша 2022-2023

жылдарға

арналған жайылымдарды басқару және

оларды

пайдалану жөніндегі жоспарына 2

қосымша


№ р/с	Жер санатының атаяуы	Аланы Барлығы (гаектар)	Оның ішінде: жайылымдар (гаектар)
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы барлық жерлер	2 374085	2 148445
2	Елді мекендердің жерлері	625 070	577122
3	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес және өндіріс, транспорт, байланыс жерлері	15003	1880
4	Ерекше қорғалатын табиғат аумағының жерлері		

4	Орман қорының жерлері	7842	93
5	Су қорының жерлері	1057	23
	Барлығы	4 704 431	4 352142

Шет ауданы бойынша 2022-2023

жылдарға
арналған жайылымдарды басқару және
оларды
пайдалану жөніндегі жоспарына 3
қосымша

**Күкүй белгілейтін күжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және
жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың
орналасу схемасы**




Шет ауданы бойынша жайылымдар - 1925190 гектар

Шет ауданы бойынша 2022-2023

жылдарға
арналған жайылымдарды басқару және


оларды
пайдалану жөніндегі жоспарына 4
қосымша

**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары
мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы**




Шет ауданы бойынша 2022-2023
жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану
жөніндегі жоспарына 5 қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу схемасы



Шет ауданы бойынша 2022-2023
жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану
жөніндегі жоспарына 6 қосымша

**Жайылым жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының
мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға
ауыстыру схемасы**



Шет ауданы бойынша 2022-2023
жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану
жөніндегі жоспарына 7 қосымша

№	Ауылдық округтер және кенттер атауы	Маусымның басы	Маусымның аяғы
1	Аксу-Аюлы ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы
2	Акшоқы ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы
3	Батық ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы
4	Бұрма ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы
5	Нұраталды ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы
6	Кеншоқы ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы
7	Красная поляна ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы
8	Талды ауылдық округі	сәуірдің соңы – мамырдың басы	қазанның соңы – қарашаның басы

9	Шет ауылдық округі	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
10	Акөй ауылдық округі	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
11	Ақадыр кенті	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
12	Акшатай кенті	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
13	Ақжал кенті	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
14	Босага ауылдық округі	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
15	Көктіңкөлі ауылдық округі	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
16	Ортау ауылдық округі	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
17	Тағылы ауылдық округі	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
18	Кәрім Мыңбаев атындағы ауылдық округі	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
19	Өспен ауылдық округі	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
20	Төменгі Қайракты ауылдық округі	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
21	Мойынты кенті	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
22	Киікті ауылдық округі	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
23	Сәкен Сейфуллин кенті	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
24	Дария кенті	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы
25	Жамбыл кенті	сәуірдің соны – мамырдың басы	қазанның соны – қарашаның басы

Шет ауданы бойынша 2022-2023

жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды

пайдалану

жөніндегі жоспарына 8 қосымша

№ р/с	Ауылдық округтер және кенттер атапу	Ветеринариялық бекет	Бордақылау алаңы	Қолдан үрықтандыру пункті	Мал қорымы
1	Аксу-Аюлы ауылдық округі	1		1	1
2	Акшоқы ауылдық округі	1			
3	Батық ауылдық округі	1		1	

4	Бұрма ауылдық округі	1		1	1
5	Нұраталды ауылдық округі	1		1	1
6	Кеншоқы ауылдық округі	1	1		1
7	Красная поляна ауылдық округі	1		1	1
8	Талды ауылдық округі	1		1	
9	Шет ауылдық округі	1		1	1
10	Акөй ауылдық округі	1		1	1
11	Ақадыр кенті	1		1	1
12	Ақшатай кенті	1			
13	Ақжал кенті	1			1
14	Босага ауылдық округі	1			
15	Көктіңкөлі ауылдық округі	1		1	1
16	Ортау ауылдық округі	1		1	
17	Тағылы ауылдық округі	1			1
18	Кәрім Мыңбаев атындағы ауылдық округі	1		1	
19	Өспен ауылдық округі	1		1	
20	Төменгі Қайрақты ауылдық округі	1	1		1
21	Мойынты кенті	1			
22	Киікті ауылдық округі	1			
23	Сәкен Сейфуллин кенті	1		1	1
24	Дария кенті	1		1	1
25	Жамбыл кенті				
	Барлығы	24		15	14

Шет ауданы бойынша 2022-2023

жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану
жөніндегі жоспарына 9 қосымша

p/c №	Ауылдық округтер және кенттер атауы	Мал бастары			
		Iрі қара мал	Iрі қара малының төлі	Ұсақ малдар	Жылқы
1	Аксу-Аюлы ауылдық округі	3229	1291	5116	2215
2	Ақшоқы ауылдық округі	912	365	1633	457
3	Батық ауылдық округі	1264	505	2024	135
4	Бұрма ауылдық округі	1279	511	1635	136
5	Нұраталды ауылдық округі	3010	1204	1975	1335
6	Кеншоқы ауылдық округі	934	373	2572	791
7	Красная поляна ауылдық округі	996	398	1232	156
8	Талды ауылдық округі	1191	476	1651	538
9	Шет ауылдық округі	1164	465	1778	451
10	Ақой ауылдық округі	718	287	915	126
11	Ақадыр кенті	1840	736	4839	364
12	Ақшатай кенті	1429	571	3654	772
13	Ақжал кенті	1336	534	2959	588
14	Босага ауылдық округі	816	326	1636	415
15	Көктіңкөлі ауылдық округі	2118	847	5581	429
16	Ортау ауылдық округі	589	235	1321	293
17	Тағылы ауылдық округі	1073	429	2312	673
18	Кәрім Мынбаев атындағы ауылдық округі	407	163	988	118
19	Өспен ауылдық округі	1905	762	6398	1591
20	Төменгі Кайрақты ауылдық округі	607	243	1782	584
21	Мойынты кенті	2173	869	2394	128
22	Киікті ауылдық округі	990	396	2337	269

23	Сәкен Сейфуллин кенті	2090	836	5214	1164
24	Дария кенті	878	351	1450	104
25	Жамбыл кенті	270	108	10	
	Барлығы	33248	13281	63406	13832

Шет ауданы бойынша 2022-2023

жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану
жөніндегі жоспарына 10 қосымша

p/c №	Ауылдық округтер және кенттер атауы	Үйірлердің, отарлардың, табындардың саны			
		Iрі қара мал	Iрі қара төлі	Ұсақ малдар	Жылқы
1	Ақсу-Аюлы ауылдық округі	6	4	6	4
2	Ақшоқы ауылдық округі	2	2	2	2
3	Батық ауылдық округі	1	1	2	1
4	Бұрма ауылдық округі	3	2	2	1
5	Нұраталды ауылдық округі	5	5	5	5
6	Кеншоқы ауылдық округі	1	1	3	1
7	Красная-поляна ауылдық округі	2	1	2	1
8	Талды ауылдық округі	2	2	4	1
9	Шет ауылдық округі	4	4	4	4
10	Ақой ауылдық округі	2	1	2	1
11	Ақадыр кенті	5	1	5	1
12	Ақшатай кенті	2	2	2	2
13	Ақжал кенті	3	2	6	1
14	Босага ауылдық округі	3	2	2	1
15	Көктіңкөлі ауылдық округі	4	4	4	4
16	Ортау ауылдық округі	2	2	2	1
17	Тағылы ауылдық округі	4	6	4	1


18	К.Мыңбаев атындағы ауылдық округі	5	4	3	1
19	Өспен ауылдық округі	2	1	7	1
20	Төменгі Қайрақты ауылдық округі	2	2	2	1
21	Мойынты кенті	6	1	6	1
22	Киікті ауылдық округі	2	2	4	1
23	Сәкен Сейфуллин кенті	6	3	5	4
24	Дария кенті	3	1	2	1
25	Жамбыл кенті	1	1	1	
	Барлығы	78	56	87	40

Шет ауданы бойынша 2022-2023
жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану
жөніндегі жоспарына 11 қосымша

Шет ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасы

УСЛОВНЫЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ

-  ГРАНИЦЫ С/О
-  ВОДОПОЙ
-  СКОТОПРОГОН
-  ГРАНИЦЫ ГУРТА
-  ГРАНИЦЫ ГУРТОВЫХ УЧАСТКОВ
-  ГУРТ НОМЕР ГУРТА ВИД СКОТА
ПЛОЩАДЬ ГА
-  ГУРТ НОМЕР
ГУРТОВОГО УЧАСТКА
ПЛОЩАДЬ ГА



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖК РМК